

**Коронавирустық инфекцияның ары қарай таралуына жол бермеу
мақсатында ерекше сатып алуға қатысу үшін № 39 шақыру**

«СҚ-Фармация» ЖШС (бұдан әрі – Бірыңғай дистрибьютор) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №12-1-12/5011-И хатының негізінде, сізді осы шақырудың 1-қосымшасында көрсетілген дәрілік заттарды сатып алуға қатысуға шақырады.

Осыған байланысты, Қағидалардың 13 және 20-тармақтарында көзделген біліктілік талаптары мен дәрілік затқа қойылатын талаптарды растау үшін сізге Қағидалардың 212, 214, 368, 372-тармақтарына сәйкес Бірыңғай дистрибьюторға мынадай құжаттар ұсыну қажет:

1) осы шақыруға 1-қосымшаға сәйкес сатып алуға қатысуға келісім берген өтінім-хат;

2) жеткізу мерзімін көрсете отырып, осы шақырудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған және қол қойылған баға ұсынысы;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

4) заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі, егер жарғыда қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе осы шақыру жарияланған күнінен кейін берілген қолданыстағы акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді;

5) заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесін, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

6) фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензияның және оған дәрілік заттарды өндіруге немесе көтерме саудада өткізуге қосымшаның көшірмесі;

7) өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан аз уақыт бұрын берілген салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екенін растайтын құжат;

8) әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті екендігі және салық есебінде тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органы хатының түпнұсқасы немесе көшірмесі;

9) Қағидалардың 9-тармағына сәйкес үлестестіктің жоқ екендігі туралы хат;

10) Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда Қағидаларда белгіленген тәртіппен өнім беру шартын бұзуға келісу туралы хат;

11) қолданыстағы құжаттың көшірмесі немесе сараптама ұйымының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, конверттерді ашу сәтіне мемлекеттік тіркелуін растайтын Мемлекеттік тізілімнің ақпараттық ресурсынан үзінді көшірме не тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және қолдануға уәкілетті орган рұқсатының нотариат куәландырған көшірмесі немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және қолдануға уәкілетті органның рұқсаты;

Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және өндірілген дәрілік заттарға әкелінуін және мәлімделген көлемнің болуын растайтын құжаттар ұсынылады: тауарды Қазақстан Республикасына әкелуін (кедендік жүк декларациясының нотариат куәландырған көшірмесі, хабарландыру шыққан күннен ерте емес қойма анықтамасы); отандық тауар өндірушілердің өндіруі (хабарландыру шыққан күнінен ерте емес қойма анықтамасын); заңнамада белгіленген тәртіппен берілген тауарлардың қауіпсіздігі туралы қорытындының көшірмесі;

12) сатып алуға мәлімделген дәрілік заттардың таңбалануы, тұтыну қаптамасы бойынша және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтың заңнама талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі туралы кепілдік хат;

13) дәрілік заттардың жарамдылық мерзімінің осы Қағидалардың 20-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес өнім берушілердің беру күніне сәйкестігі туралы кепілдік хат.

Әлеуетті өнім берушілерден келіп түскен өтінімдер құжаттарды түпкілікті қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаралады, жеңімпаз ең төменгі баға негізінде анықталатын болады, қорытындылар хаттамасы Бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында орналастырылады.

Өтінім мен құжаттар **2020 жылғы 17 қарашада сағат 11.00-ден кешіктірмей** бір хабарламамен бір данада комиссия хатшысының a.kaibagarova@sk-pharmacy.kz электрондық мекенжайына ұсынылуы тиіс. Көрсетілген уақыттан кеш түскен өтінімдер мен құжаттар қаралмайды. Туындаған сұрақтар бойынша Сіз комиссия хатшысына 87172552860 немесе электрондық мекенжайға хабарласа аласыз.